



Автор: Иманкулова Шолпан Аскаровна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Дені саудың - жаны сау!

Тақырып: Дұрыс тамақтана біл

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	
Сабақтың мақсаты:	2.1.4.1 - түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау
Тілдік мақсаттар:	Денсаулық, дәрумендер. Пайдалы, зиянды тағамдар
Күтілетін нәтиже:	Пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Дұрыс тамақтанудың жолдарын біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті туралы түсініктерін қалыптастыру арқылы салт-дәстүрге ұлттық тағамдарға деген қызығушылығын ояту. Салауатты өмір салтын сақтануға баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивті тақта, слайд, ссыла: https://bilimland.kz/kk/courses/dunietanu/adam-ahzasy-zhane-onyng-kutimi/lesson/tamaqtanu-durys-as-ishu-tartibi видео роликтар
Пәнаралық байланыс:	Әдебиеттік оқу, Өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру: Көңіл күйлерін сұрау Амандасу сәттілік тілеймін Біздің өткен тақырыбымыз қандай еді? Үй жұмысын бекіту «Мектеп өмірі» ҰЖЫМДЫҚ ЖҰМЫС сұрақтарға жауап беру «Эфирде біреу» микрофон Мектептегі қауіпсіздік ережелері 1.Оқушыларға үзіліс не үшін беріледі? 2. Үзіліс кезінде оқушы өзін қалай ұстау керек? 3. Мектептегі қауіпсіздік ережелерін білген дұрыс па? ЖҰМБАҚ Оны күткен адамдар, Ұзақ өмір сүреді. Қадірін білген жарандар, Байлық осы деседі. (Денсаулық)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	бейне жазба https://bilimland.kz/kk/courses/dunietanu/adam-ahzasy-zhane-opung-kutimi/lesson/tamaqtanu-durys-as-ishu-tartibi Бейне жазбадан небілдік? Мазмұнын талдау Өнімдердің жеті түрлі тобынан тұратын тағамдарды қалай қабылдау туралы айтылған ? • Дұрыс ас ішу тәртібі деп- өнімдердің жеті түрлі тобынан тұратын тағамдарды қабылдауды айтады. • Олар дұрыс мөлшерде қабылдануы керек. Дұрыс тамақтану адамның денсаулығын сақтау үшін маңызды шарт болып табылады. • Көмірсулар • Нәруыздар • Майлар • Дәрумендер • Минералдар • Жасуық • Су САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫН ҚҰРАСТЫРАЙЫҚ Оқушы сабақ мақсатын құрастырады Мақсаты экранда ашылады Мақсаты: Түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау ТОПТЫҚ ЖҰМЫС Ой шақыру 1 - топ Адамның денсаулығына пайдалы тағам түрлерін анықтап, пайдасын әңгімеле Дескриптор • Тағамдарды тауып, жапсыра алады • Түрлерін ажыратады, аттарын атайды • Пайдалы тағамдардың пайдасы туралы әңгімелейді ЭРТОПТЫ БАҒАЛАУ: басқа топтың оқушылары (+ -) таңбасын қою арқылы бағалайды. 2- топ Адамның денсаулығына зиянды тағам түрлерін анықтап, зиянын әңгімеле Дескриптор - Тағамдарды тауып жапсыра алады -Түрлерін ажыратады, аттарын атайды - Зиянды тағамдардың зардаптары туралы әңгімелейді 3 – топ Тағам түрлерінің пирамидасын жаса Дескриптор - Тағам түрлерін тауып, жапсыра алады - Аталған тағам түрлеріне нелер жататынын айта алады - Сипаттама беріп, әңгімелей алады 4-топ Ұлттық тағамдардың ерекшелігі мен пайдасы туралы әңгімелейді Дескриптор -Ұлттық тағамдарды тауып, жапсыра алады -Түрлерін ажыратады, аттарын атайды -Ұлттық тағамдардың пайдасына сипаттама беріп, әңгімелей алады. Пайдалы Жаяу жүрген пайдалы, Жүзің жарқын, жайдары. Жуымайды ешқандай Ауру-сырқау қайдағы. Жаяу жүрген пайдалы, Жүзің жарқын, жайдары Аралауға шақырар Туған өлке аймағы. Біздің туған өлкеміз Қостанайда қандай өнімдер өндіріледі? Мақтанышымыз Бидай – ұн жасалады Печенье, торт макарондар Ет комбинаты бар Мясo комбинат «Жас қанат» құс фабрикасы Баян Сұлу кондитерлік фабрикасы бар Пайдасы мен зиянын атап өтейік. Біздің ағзамызға қажетті өнімдердің құрамында көптеген дәрумендер болады. Тек сол тағамдардың ішінен пайдалысын және зияндысын ажырата білуіміз керек «Дәрумендер мен минералдардың керемет күші» Видеоны көру талдау	
Сабақтың соңы	Бағалау критерийі - Пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады. - Тағамдардың пайдалысын бояйды туралы әңгімелейді. Тапсырма: Тек қана пайдалысын ғана тағамдарды боя. ДЕСКРИПТОР Пайдалы тағам түрлерін анықтайды; Тағамдардың пайдалысын ғана бояйды Өзін –өзі бағалау “Білім ағашы ” стратегиясы Жасыл алма - бәрін түсіндім, пайдалы зиянды тағам түрлерін ажырата аламын. Сары алма – сабақты орташа түсіндім, пайдалы зиянды тағам түрлерін ажыратуда қателесемін. Қызыл алма – сабақты мүлдем түсінбедім, пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажырата алмаймын Балалар қалай ойлайсыңдар біз сабақта қойған мақсатымызға жеттік пе ? Мақсатымыз қандай болып еді? Пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажырата аласыңдар ма? Тағамдарды таңдау кезінде өз денсаулығымызға қиянат жасамай, дұрыс таңдау жасай аласыңдар ма? Сабаққа жақсы қатысқандарыңа көп рақмет. Үйге тапсырма: мазмұндау. Дұрыс тамақтана біл 50-51 бет оқып, мазмұнын талдап келу	
Рефлексия	Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?	